

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын

«Малика» мектепке дейінгі шағын орталығының қызметін бағалау өлшемшарттары

№ р/с	Бағыттар және бағалау өлшемшарттары	Баға	Өлшеуіштер
1	Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар		
1.1	МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы	zhaqsy	«Малика» мектепке дейінгі шағын орталығында 2023-2024 оқу жылында 4тәрбиеші жұмыс істейді. Оның ішінде 4 тәрбиешінің 3 тәрбиешісінде "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бар, ал бір тәрбиеші қайта даярлау курсынан «Маман-Специалист» оқу орталығынан өткен, ол 100 пайызды құрайды.
1.2	Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру	zhaqsy	Орталықтың топтарында үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ету, педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс- тәсілдерді пайдалану мақсатында дамытушы орта кеңістіктері жұмыс істейді. Орталық 5 компьютермен қамтамасыз етілген, интернет жүйесіне қосылған. Интернет жылдамдығы 10 Мб/с-тан астам
1.3	Зияткерлік конкурстарға қатысу нәтижелері	uzdik	Орталықтың 5 тәрбиеленушісі «Үркер» республикалық марафонына қатысып, оның ішінде 5 тәрбиеленуші І орынды иеленіп, мадақтама қағаздарымен марапатталды.
1.4	Көркемдік, шығармашылық конкурстар мен	uzdik	Орталықтың 27 тәрбиеленушісі «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін...» Мұқағали Мақатаевтың өлеңдеріне

	байқауларға қатысу нәтижелері		жазылған әндерден және ақынның өлеңдерін оқудан V Халықаралық онлайн өнер байқауына қатысты. Оның ішінде барлық 27 тәрбиеленуші бас жүлдені иеленіп, мадақтама қағаздары мен сыйлықтар алды. Ал 3 педагогтің біреуі «Үздік ұстаз», ал екеуі «Үздік тәрбиеші» төс белгілерін иемденіп, мадақтама қағаздары және сыйлықтармен марапатталды.
2	Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар		
2.1	МЖМБС-да және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі мен білім беру бағыттары бойынша жас топтары бойынша игерілуге жататын білім, білік, дағды және құзырет көлемін игеру	uzdik	2022- 2023 оқу жылындағы 75 тәрбиеленушінің 69 тәрбиеленушісі үлгілік оқу бағдарламасында ұйымдастырылған оқу қызметі мен білім беру бағыттары бойынша білім, білік, дағды және құзырет көлемін игерген, ол 92 пайызды құрады.
		zhaqsy	2023- 2024 оқу жылындағы аралық мониторинг бойынша 75 тәрбиеленушінің 61 тәрбиеленушісі үлгілік оқу бағдарламасында ұйымдастырылған оқу қызметі мен білім беру бағыттары бойынша білім, білік, дағды және құзырет көлемін игерген, ол 81 пайызды құрайды

«Малика» мектепке дейінгі
шағын орталығы меңгерушісі



А.Д.Сейтжан